

*М.М. Байжанов*

**БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙРЫЛҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ АЗАМАТЫ  
БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН МЕМЛЕКЕТКЕ ЖАЗАСЫН ӨТЕУ  
ҮШІН БЕРУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ  
ҚҰҚЫҚПЕН РЕТТЕЛУІНІҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Сотталған шет елдіктерді өзі азаматы болып табылатын елде жазасын өтеу үшін беру институтын тәжірибеге енгізу 1975 жылғы өткен БҰҰ V конгресінде қабылданды. Бұл қылмыспен күресудің тиімділігін арттырып, сотталған тұлғаларды түзеуде септігін тигізіп олардың әлеуметтік қалпына келуіне және жаңа қылмыстардың алдын алуда көмегін тигізеді деп қарастырылды. Сотталған тұлғаларды азаматы болып табылатын елге жазасын өтеу үшін беру мемлекеттер арасындағы құқықтық ынтымақтастықтың ерекше нысаны болып табылады. Көбінесе қылмыскерлерді ұстап беру ретінде қарастырылғанымен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету аясында оларды ажырата білу керек. Екі жағдайда да қылмыскерлерді сот үкімін орындау үшін ұстап беру мен сотталған тұлғаларды беру кезінде де сот талқылауы мен айыптау үкімінің шығуы міндетті. Дегенмен ұстап беру кезінде сұрастырып отырған мемлекеттің сұрастырылып отырған мемлекеттің аумағында жүрген бірақ оның азаматы болып табылмайтын не сұрастырып отырған не үшінші мемлекеттің азаматы болып табылатын немесе азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты сот үкімі туралы айтылады. Ал беру өз юрисдикциясына жататын мемлекеттің қылмыс жасаған тұлғаға қатысты бірақ басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын тұлғаның өз елінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өз аумағында өтеу үшін келісімін берген немесе сотталған тұлғаны қабылдауға ниет білдірген мемлекеттің сот үкімінің болуын қажет етеді (үкім шығарған мемлекет пен үкімді орындайтын мемлекет).[1]

Үкімді орындау үшін тұлғаны ұстап беру мен сотталған тұлғаларды берудің айымашылығы мынада. Кез келген мемлекеттің сот әділдігінен қашып шет мемлекетте тығылып қашып жүрген өз азаматтарын беруді талап етуге заңды құқығы бар. Ұстап беруді талап етудің мақсаты - өз елінің сот органдарымен үімді орындауы. Сотталған тұлғаларды ұстап берудің мақсаты – шет мемлекеттің аумағында қылмыстық жазаланатын әрекет жасаған жағдайдың өзінде өз азаматтарының мүдделерін шет мемлекеттің сотының үкімі бойынша жазасын өтеу үшін өз мемлекетінің аумағына қайтару арқылы қорғау. Егер ұстап беру ұстап берілетін тұлғаның ерік білдіруінсіз жүзеге асырылса, ал сотпен бас бостандығынан айыру түрінде тағайындалған жазаны өз азаматы болып табылатын елде өтеу үшін беру оның өтініш білдіруі немесе келісімі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Ұстап берумен салыстырғанда беру бұл қылмыстық сот әділдігін жүзеге асыру аясындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың салыстырмалы түрде жаңа бағыты. 1978 жылға дейін сотталған тұлғаларды беру шарттармен реттелмегендіктен тек қана өзара екі жақтылық қағидасы негізінде жүзеге асырылатын. Дегенмен, берудің талаптарының нақты реттелмеуіне байланысты бұл мәселе өте жай шешілді не мүлдем қарастырылмады. Бұл осы мәселенің ұлттық заңдарда реттелмегендігімен түсіндіріледі.

Н.Сафаров өз еңбегінде жалпы беру мен экстрадиция ұғымын ажырата білу қажеттігін көрсете отырып, халықаралық тәжірибеге сәйкес бұл процедураны қолданудың бірнеше жолын: біріншіден, айыпталушыларды беру – бұл мемлекеттердің халықаралық қылмыстық трибуналдармен ынтымақтастығының бір нысаны ретінде; екіншіден, бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды азаматы болып табылатын мемлекетке жазасын өтеу үшін беру туралы айтып өткен жөн; үшіншіден, тұлғаларды беру қамауға алудың Еуропалық ордерін қолдану аясындағы жеке процедура ретінде қолданылатындығын көрсетеді. Осыған байланысты ұстап беру процедурасын тұлғаларды берудің басқа түрлерімен араластырмау үшін экстрадицияның құрамдас элементтерін дұрыстап анықтап алған абзал.[2]

ҚР ҚДЖК-нің 2-бабында қылмыстық-атқару заңдарының мақсаттары мен міндеттері белгіленген. Осы аталған баптың 1-тармағында қылмыстық-атқару заңдарының мақсаттары әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу болып табылады деп көрсетілген.

Қылмыстылықтың алдын-алудың маңызды шараларының бірі болып табылатын адамгершілік және адам құқықтарын қорғау қағидаларын басшылыққа ала отырып сотталған немесе жазасын өтеп жатқан тұлғаны қалыпты өміріне қайтару арқылы (тұрмыстық, отбасына жақын болуы) оның түзелуіне оң ықпал етуге болады.

Аталған мақсаттарға сәйкес қылмыстық-атқару заңдарының міндеті болып жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу, сотталғандарды түзеу құралдарын анықтау, олардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау, оларға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету саналады. Бұл мақсатқа жету үшін көбінесе бас бостандығынан айрылған тұлғаларды өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу мүмкіндігі берілген.

Бас бостандығынан айрылған тұлғаны өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін беру институтын қылмыстық заңның ізгілік бастау алуы мен берілетін тұлғаның азаматтығы қағидасымен үйлесетін қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының кеңістіктегі көрінісі ретінде қарастыру қажет (ҚР ҚДЖК 1,3,6 б., ҚР ҚК 7,8, б.).

2000 жылғы ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Конвенцияның 17 бабында қамтылған қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айрылған немесе басқа да қылмысы үшін бостандығы шектелген тұлғалар жазаның мерзімін өздері азаматы болып табылатын мемлекеттің аумағында өтеу үшін сол мемлекетке беру туралы халықаралық келісімдерді жасауды ұсынады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы тікелей сотталған тұлғаларды беруге байланысты келесі конвенциялардың қатысушысы болып табылады. 1998 жылғы 6 наурыздағы жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды беру туралы көпжақты Мәскеу Конвенциясының (Қатысушылары: Ресей Федерациясы мен Қазақстан, Армения, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Өзбекстан Республикалары), жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды беру туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Алматы қаласында 1997 жылы 10 маусымда жасалған шарт (ҚР 30 желтоқсан 1999 жылғы заңымен ратификацияланды, 2007 жылы 7 тамызда өзгерістер енгізілді), Украина мен ҚР арасындағы жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды беру туралы шарты (Киев қаласы, 17 қыркүйек, 1999 жыл) (ҚР 28 сәуір 2000 жылғы заңымен ратификацияланған), Түркіменстан мен ҚР арасындағы жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды беру туралы Астана қаласында 5 шілде 2001 жылы жасалған шарты (2003 жылы 5 қарашадағы ҚР заңымен ратификацияланған).

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Прокуратурасының басқа тиісті мемлекеттік органдармен келесі шарттарды жасау қарастырылып отыр: Қытай Халық Ресубликасымен сотталғандарды беру туралы шарт; Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Үкіметінің келісімімен сотталғандарды беру туралы келісімі; Сондай-ақ, Бразилия мен Түркия мемлекеттерімен қылмыстылықпен күресу және сотталған тұлғаларды беру туралы шарттардың жобалары қаралуда.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда ҚР Президентінің Әкімшілігі бекіткен Жоспар-кестесіне сай, Бас прокуратура ҚР Сыртқы Істер министрлігімен бірлесіп 20 сәуір 1959 жылғы Қылмыстық істер бойынша бірлескен құқықтық көмек көрсету туралы Еуропалық конвенцияға және оның Қосымша хаттамасына, 13 желтоқсан 1957 жылғы Қайтарып беру туралы Еуропалық конвенцияға және оның екі Қосымша хаттамасына, 15 мамыр 1972 жылғы Қылмыстық істер бойынша өндірісті табыстау туралы Еуропалық Конвенцияға және 28 мамыр 1970 жылғы Қылмыстық істер бойынша сот шешімдерінің халықаралық шынайылығы туралы Еуропалық конвенцияға Қазақстанның қосылуы туралы мәселелерін пысықтау үстінде.

2009 жылдың 9 сәуірде ҚР Бас прокуратурасының бастамасымен аталған мәселелер ҚР Сыртқы істер министрлігі өткізген Сараптау кеңесінің отырысында қарастырылды. Бас прокуратура ұстанымы барлық қатысы бар мемлекеттік органдар арасынан қолдау тапты және 10 сәуір 2009 жылы Еуропа Кеңесінің Директоратына Қазақстанды аталған конвенцияларға қосу туралы сәйкес өтініш жіберілді. 2009 жылдың қарашасында Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен және ҚР Сыртқы істер министрлігінің Консульдік қызмет департаментімен бірлесіп Қазақстан Республикасының қылмыстық жауапкершілікке тартылған және жазасын шетелде өтеп жатқан азаматтары туралы деректер банкі құрылды.

Деректер банкінің құру қажеттілігі бүгінгі күнге дейін Қазақстан мемлекеттік органдары осындай адамдарды мақсатты түрде тіркеу жүргізбегендігінен туындап отыр және тиісінше, шетелде қылмыс жасаған, кейінірек шетел соттарымен бас бостандықтарынан айыруға сотталған Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасы Конституциясының 11-бабында көрсетілген шетелде жүрген өз азаматтарын қорғау және оларға қамқорлық жасауды қамтамасыз етуге мемлекетті міндеттейтін құқығын толық пайдалана алмай отыр.

Деректер банкінің қызметі Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетімен мұндай категориялы адамдарды тіркеудің жүргізілуін көздейді, ал оның толтырылуын Комитеттің Астана қаласы бойынша Басқармасы ҚР Сыртқы Істер Министрлігінің Консульдік қызмет департаменті арқылы Қазақстанның шетел мекемелерінен алынған сұрау салу пен растау құжаттары негізінде жүзеге асырады. Деректер банкідегі ақпарат мемлекет үшін шетелде қылмыс жасаған және

жазасын шетелде өтеп жатқан біздің отандастарымыз туралы мәліметтерге ие болуға мүмкіндік береді және қажетті жағдайларда мемлекет оларға тиісті құқықтық қорғау көрсете алады.

Сонымен бірге, Ресей мен Өзбекстан мемлекеттерімен сотталған тұлғаларды беруге байланысты мәселені шешу керек. Себебі, бұл мемлекеттерде қазіргі уақытқа дейін ТМД мемлекеттерінің қатысушылары арасындағы сотталған тұлғаларды беру туралы Конвенцияны ратификациялаған жоқ. Осыған байланысты Ресей мен Өзбекстан аумағында қылмыс жасап жазасын өтеп жатқан Қазақстан азаматтары жазасын өз елімізде өтей алмайды және өз кезегінде Қазақстанның түзеу мекемелеріндегі 854 Өзбекстан азаматы мен 736 Ресей азаматтары өз еліне қайтарылмай отыр. Бұл мәселені шешу үшін осы елдермен халықаралық құқықтағы екіжақтылық қағидасының негізінде сотталған тұлғаларды беру мүмкіндігін қарастыру ұсынылып отыр. Осы жылы шет мемлекеттердің сотталған тұлғаларды беру жөніндегі 6 өтініші қарастырылып, қанағаттандырылды. Шетелдік соттардың үкімдерімен тағайындалған жазаны Қазақстан аумағында өтеу үшін Қазақстан азаматтарын ауыстыру туралы 6 өтініш шетелдік құзіретті органдармен қарастырылып, қанағаттандырылды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 11-бабының 1-тармағына сәйкес Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды. Сотталғандарды жазасын өтеу үшін беру халықаралық шарт негізінде жүзеге асырылады, алайда бас бостандығынан айрылған тұлғаларды беру туралы заң әзірге қабылданған жоқ.

1978 жылғы Конвенцияда КСРО орындауға тиіс міндеттемелер көрсетілген. Осы Конвенцияның жарлығының 12-бабы бойынша жазасын өтеу үшін біздің мемлекетімізге берілген сотталған тұлғаларға қатысты, біздің мемлекетімізде нақ сондай қылмыс жасап сотталған тұлғалармен бірдей құқықтық салдар туындайды. Басқа мемлекетке бас бостандығынан айрылған тұлғаларды азаматы болып табылатын мемлекетке жазасын өтеу үшін беру Қазақстан Республикасының заңдарында немесе халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сонымен, қазіргі уақытта әрекет етіп отырған актілердің нормалары негізінен сілтеме сипатында болып келеді.

Бас бостандығынан айрылып сотталғандарды өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын одан әрі өтеуге беру келесідей реттеледі.

### **1. Бас бостандығынан айрылып сотталғандарды жазасын одан әрі өтеуге берудің негіздері.**

Шарт бойынша сотталғандарды жазасын өтеуге беру соттың үкімі заңды күшіне енген соң ғана жол беріледі (1978 жылғы азаматы болып табылатын мемлекетке бас бостандығынан айрылып сотталғандарды жазасын одан әрі өтеуге беру туралы Конвенцияның 2-бабы, 1999 жылғы Қазақстан Республикасы мен Украина арасында жасалған жазасын одан әрі өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды беру туралы шарттың 3-бабына сәйкес және т.б.).

Сотталғандарды жазасын өтеу үшін беру өзара екі жақтылық қағидасы негізінде жүзеге асырылған жағдайда мемлекеттер арасында шарттардың болмауы берудің заңдылығын жоққа шығара алмайды.

Бірақ көптеген авторлардың пікір бойынша өзара екі жақтылық қағидасы негізінде сотталған тұлғаларды беру жеткілікті реттелмеген. Беруді реттейтін халықаралық құқықтың қандай да бір қайнар көздерінде берудің мұндай негізі жоқтың қасы. Тек бұл негізді үкімді орындау немесе қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін ұстап беруге ұқсастығына байланысты қолданылу мүмкіндігі туралы болжам жасауға болады.

Екі жақтылық мемлекеттердің қандай да бір мәселеге байланысты біркелкі ұстанымын білдіреді. Ұстап беру туралы шарттарда көрсетілген екі жақтылық қағидасы әртүрлі жағдайларда қолданылады: біріншіден, шартта ұстап берудің кейбір жекелеген ережелері реттелмеген (көрсетілмеген) жағдайларда; екіншіден, ұстап берудің кейбір мәселелеріне қатысты әртүрлі көзқарастар болған жағдайда (бұл жерде екі жақтылық қағидасы қалыпты жағдайдан ауытқуды білдіреді).

«Л.Н. Галенскаяның пікірі бойынша, мемлекеттердің ішкі құқықтарында екі жақтылық қағидасы туралы айтылып, бірақ талап етіп отырған мемлекет пен баспана беріп отырған мемлекет арасында шарт болмаған жағдайда өзгеше жағдай қалыптасады. Негізінде ұстап беру талап етіліп отырған мемлекет екі жақтылық қағидасының қолданылу мүмкіндігі туралы мәселені шешіп қана қоймай нақты тұлғаны ұстап беру мүмкіндігі туралы мәселені де шешуі тиіс (жасалған іс-әрекеттің қылмыс болып танылуы, ескіру мерзімінің өтіп кетпеуі және т.б.)» [3].

Л.А. Лазутин өз еңбегінде ұлттық заңдардағы екі жақтылық қағидасының болуын және кейбір халықаралық шарттарда екі жақтылық қағидасының көрсетілмегендігін ескеріп оның қолданылуы мүмкін үш жағдайды көрсетеді:

- а) ұқсас құқықтық жүйелердің болуы;
- б) бұл мәселені шешудің қалыптасқан тәжірибесінің болуы;

в) мемлекеттер арасындағы түсіністік қатынастардың қалыптасуы.

Барлық жағдайда шешім қабылдау беру туралы өтініш білдіріліп отырған мемлекеттің қалауына байланысты. Осы себепті де халықаралық құқық Институтының екі жақтылық қағидасын құқықтық емес саяси салаға жатқызатын Оксфорд қарарының 50 бабын негізді деп есептеуге болады.[4]

ҚДЖК-нің 537-бабы бойынша берудің негізі болып Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен жасаған халықаралық шарт немесе Қазақстан Республикасының Бас прокурорының шет мемлекеттің уәкілетті органдарының лауазымды тұлғаларымен не өзара екі жақтылық негізіндегі жазбаша келісімі саналады.

Сотталғандарды берудің құқықтық негізін шарт жасау арқылы жүзеге асыру керектігімен келісе отырып «ҚР Бас прокурорының жазбаша келісімі» сотталғандарды берудің балама құқықтық негізі болып табылатын құқықтық негізбен келісе алмаймын (бұл жағдайда оның әрекеті жеке сипаттағы құқықтық акт болып табылады).

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша сотталғандарды беру халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталған тұлғаларды өзі азаматы болып табылатын мемлекетке жазасын әрі қарай өтеу үшін беру адам бостандығы мен құқығына тікелей әсерін тигізетінін ескерген жөн. ҚР Халықаралық шарттары туралы заңына сәйкес сотталғандарды жазасын өтеуге беру туралы нормасы бар шарттар міндетті түрде заңмен бекітілуі керек. Сотталғандарды жазасын өтеуге беру туралы тиісті мемлекетпен шарттың болмауы Қазақстан Республикасының беру туралы талаптың орындалмауы мүмкін екендігін білдіреді және керісінше шет мемлекеттер Қазақстан Республикасына қылмыскерді беруден бас тартуы мүмкін.

2000 ж. 25 желтоқсандағы «ҚР Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР заңына шет мемлекеттердің сотының қаулысының міндеттілігі тек халықаралық шартта көзделген жағдайда ғана міндетті екендігін білдіретін норманы қосу керек (беру бұл бірінші кезекте шет мемлекеттің үкімін тануды білдіреді). Себебі қазіргі уақытта ҚР шетелдік арбитраждық соттардың шешімдерін тану және орындау туралы 1958 жылғы 10 маусымдағы Нью-Йорк конвенциясының қатысушысы болып табылады (1995 жылғы 4 қазандағы Президенттің жарлығымен) және ҚР азаматтық кодексінің 425 бабына сәйкес заңда немесе халықаралық шарттарда көрсетілген жағдайларда шет мемлекеттердің және арбитраждық соттардың шешімдерін танып орындау мәселесі қарастырылған. ҚР бас бостандығынан айыру жазасына сотталған тұлғаларды өзі азаматы болып табылатын мемлекетке жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы заң болмағандықтан, шет мемлекетінің сот қаулысының міндеттілігі тек халықаралық шартпен анықталады.

Сонымен, ҚР ҚДЖК-нің 537 бабына өзгеріс енгізу үшін алдымен «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгеріс енгізу қажет.

2. Жазасын өтеуге кімнің берілетіні жөніндегі мәселе шартта нақты шешілмеген. Халықаралық шарттар бойынша берілуі мүмкін тұлғалар:

а) тек шартқа қатысушы-мемлекеттердің азаматтары (1978 ж. Конвенцияның 1-бабы, 1999 жылғы ҚР мен Украина арасында жасалған бас бостандығынан айрылғандарды беру туралы шарттың 2-бабы, 1997 жылы ҚР мен Әзірбайжан Республикасы арасында жасалған бас бостандығынан айрылғандарды беру туралы шарттың 3-бабы)

б) осы мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын азаматтар мен тұлғалар, 2001 жылғы ҚР мен Түркіменстан арасында жасалған бас бостандығынан айрылған тұлғаларды беру туралы шарттың 2-бабына сәйкес шартқа қатысушы мемлекеттердің азаматтарымен қатар осы елдердің аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларды беру мәселесі де қарастырылған.

ҚДЖК-де берілуі мүмкін тұлғалардың тізімінде сұрастырылып отырған мемлекеттің азаматы болып табылмағанымен сол мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын тұлғаларды беру көрсетілмеген және бұл ҚР халықаралық міндеттемелерін ескеретін болсақ негізсіз болар еді.

3. Бас бостандығынан айыру жазасына сотталған тұлғаларды өзі азаматы болып табылатын мемлекетке жазасын әрі қарай өтеу үшін беруді жүзеге асыруда қойылатын талаптар:

Шарттарда бекітілген берудің міндетті белгісі - берілетін тұлғаның өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің заңы бойынша оның қылмыстық іс-әрекеті қылмыс болып саналып, бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған болу керек.

1998 ж. Конвенцияның 5-бабы бойынша бас бостандығынан айыру жазасымен сотталғандарды әрі қарай жазасын өтеуге берудің қосымша талаптары қарастырылған: беру туралы өтінішті алу; сотталушының немесе оның заңды өкілінің жазбаша келісімінің болуы; беру туралы өтінішті алу кезінде бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі 6 айдан кем болмау керек; үкім

шығарған мемлекеттің және сотталған тұлғаны қабылдап үкімді орындайтын мемлекеттердің беруге және тиісінше алуға келісімі қажет;

Н.И. Марышева сотталған тұлғаларды беруге байланысты нақты әрбір жағдайда мемлекеттер арасында өзара келісімнің болуын берудің қажетті шарты ретінде қарастыру керектігімен келіспейді [5].

Л.А.Лазутиннің пікірі бойынша сотталған тұлғаларды беруге байланысты шарт нормаларын жүзеге асыру мәселесі әрбір жағдайда берудің мақсатына сәйкес және сот әділдігін жүзеге асыру мен сотталған тұлғаларды қалыпты өміріне қайтару үшін дербес шешілу керек деп есептейді. Сондай-ақ сотталған тұлғаларды беру туралы шарттарда жасалған қылмыстың түрлері (бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы әрекет, терроризм, жалдамалы кісі өлтіру және т.б.) ескерілмей, тек қана заңды күшіне енген сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру мекемесінде сотталған тұлғалардың жазасын өтеп отыруын ғана ескереді [6].

ҚДЖК-де берудің шарты негізі ретінде тұлғаның бас бостандығынан айрылу жазасына кесілуі және сотталушының немесе оның өкілінің өтініші, және сондай-ақ сотталған азаматтың келісімімен мемлекеттің уәкілетті органының өтініші қарастырылады.

#### 4. Беруден бас тартудың негіздері

Қазақстан Республикасының тәжірибесінде тұлғаны беруден бас тартудың негізін анықтаудың екі жолы бар:

а) 1990 жылғы Қазақстан Республикасы мен Украина мемлекеттері арасында жасалған бас бостандығынан айрылған тұлғаны жазасын өтеу үшін өзара беру туралы шартта өтініштен бас тарту негіздері бекітілмеген, тек берілмеуі мүмкін жағдайлар ғана қарастырылған.

б) 1978 жылғы Конвенцияның 4-бабына сәйкес азаматы болып табылатын мемлекеттің заңы бойынша оның жасаған әрекеті қылмыс болып табылмайтын болса; азаматы болып табылатын елде жасаған қылмысы үшін жазасын өтеген немесе ақталған болса не қылмыстық іс тоқтатылған болса немесе уәкілетті органмен жазадан босатылған болса; сол мемлекеттің заңы бойынша қылмыстың ескіру мерзіміне байланысты немесе басқа да негіздер бойынша жазалау мүмкін болмаса; үкім шығарылған мемлекетте сотталушы тұрақты тұратын болса; Конвенцияда көрсетілген жағдайларда сотталушыны беру туралы келісімге келе алмаса сотталғандар берілмейді. 1998 жылғы Конвенцияның 6-бабы бойынша егер қылмыскердің келтірген шығындары өтелмесе бас бостандығынан айрылған тұлғаны беруден бас тартылуы мүмкін.

1995 жылғы ҚР мен Түркіменстан мемлекетінің арасындағы жасалған шарттың 7-бабына сәйкес аталған жағдайлар тағы үшеуімен толықтырылады. Егер сотталушының жазбаша келісімі болмаса немесе жасына, физикалық немесе ақыл есі кемдігіне байланысты өзінің ықтиярын еркін жеткізе алмаған жағдайда оның заңды өкілінің келісімі болмаған жағдайда; сотталған тұлғаның жазасының өтелмеген мерзімі алты айдан кем болса және сондай-ақ тараптардың мүдделеріне нұқсан келуі мүмкін болса өтініштен бас тартылады.

1998 жылғы Конвенцияның 6-бабына сәйкес сотталған тұлғаларды беруден қылмыс жасау нәтижесінде келтірілген шығындар өтелмеген жағдайда да бас тартылу мүмкін.

Шын мәнінде ерекше жағдайларда жазаның өтелмеген мерзімі алты айдан кем болғанда және қылмыс нәтижесінде келтірілген шығындар толық өтелмеген жағдайларда да тараптар беру туралы келісімге келе алады (ҚР мен Украина арасындағы шарттың 3-бабының 3-бөлімі және ҚР мен Түркіменстан арасындағы шарттың 7-бабының 2-бөлімі).

ҚДЖК-нің 539-бабы бойынша Қазақстан Республикасының соты бас бостандығынан айыруға соттаған адамды ол азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін беруден, егер:

1) адам сол үшін сотталған әрекеттерінің бірде бірі сотталушы азаматы болып табылатын мемлекеттің заңдары бойынша қылмыс болып танылмаса;

2) жаза шет мемлекетте ескіру мерзімінің өтуі салдарынан немесе осы мемлекеттің заңдарында көзделген өзге негіз бойынша орындалмайтындай болса;

3) сотталушыдан немесе шет мемлекеттен азаматтық талап бөлігінде үкімнің орындалуына кепілдік алынбаса;

4) сотталушыны халықаралық шартта көзделген жағдайларда беру туралы келісімге қол жеткізілмесе;

5) сотталушының Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері болса, бас тартылуы мүмкін.

Н.И. Марышева сотталған тұлғаларды беруден бас тартудың негіздері шарттарда бас тарту негіздері көрсетілмеген жағдайда сұрастырылып отырған мемлекет қабылдауға (беруге) міндетті болатындай түпкілікті әрі нақты көрсетілу керек деп есептейді [7].

Л.Н. Лазутин бұл мәселені мемлекеттердің заңдарында шет мемлекеттердің соттарының үкімдерін

мәжбүрлі түрде орындау міндетін қарастыратын нормаларды бекіту арқылы шешуді ұсынады (1970 жылғы қылмыстық істер бойынша үкімдердің халықаралық жарамдылығы туралы Еуропа конвенциясы көрсетілгендей) [8].

Сонымен, ҚР ҚДЖК-нің 539-бабында бас бостандығынан айрылған тұлғаны беруден бас тартудың халықаралық негіздері ескерілмеген:

1) Сотталушының келісімінің болуы;

2) Сотталушының қылмыстық әрекеті үшін үкімді орындайтын мемлекетте бас бостандығынан айыру жазасы қолданылмайтын болса;

Беру туралы өтінішті алған кезде бас бостандығынан айыру жазасымен сотталған тұлғаның ҚР өтелмеген мерзімі алты айдан кем болса. Осы аталғандарды ескере отырып ҚР ҚДЖК-нің ережесін жетілдіру қажет.

5. Үкімді шығарған мемлекеттің бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаны өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін беру туралы өтініш жасауға құқығы бар екенін түсіндіру міндеті.

Бұл міндет Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын барлық халықаралық шарттарда бекітілген.

1998 жылғы Конвенцияның 6-бабында бұл ереже толығырақ беріледі: «сотталушыға немесе оның заңды өкіліне үкім шығарған мемлекеттің қылмыстық-атқару жүйесінің орталық және аумақтық органдарының басқармасының лауазымды тұлғаларымен жазасын өзі азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу үшін берілу мүмкіндігі және оның құқықтық салдары туралы жазбаша түрде түсіндірілуі керек». Мысалы Ресей Федерациясына басқа мемлекеттің сотының үкімі бойынша бас бостандығынан айыруға сотталып жазасын ары қарай өтеу үшін берілген тұлғалар бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаланған тұлғалар ретінде қарастырылады (2001 жылғы 12 қарашадағы РФ Жоғарғы Сотының Пленумының «Соттармен түзеу мекемелерінің түрін тағайындау тәжірибесі туралы» қаулысының 9 бөлімінің «г» бөлімшесі). Бұл жағдай осы тұлғалар жаңа қылмыс жасаған жағдайда түзеу мекемелерін таңдау кезінде ескеріледі. Үкімді шығарған мемлекет сотталушыға оның өтініші бойынша өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеуге құқығының бар екендігі және оның құқықтық салдары туралы үкімді жариялаған кезде бірге жариялау керектігі көрсетілген халықаралық шарттарды дұрыс деп есептеймін (Ресей Федерациясы мен Куба Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер туралы 2000 жылғы шартта). Бұл жағдайда, сотталушыға үкім жарияланған сәттен бастап өзінің құқығын қорғаудың тиімді тәсілін таңдау мүмкіндігі туындайды.

Сол себепті де үкімді шығарушы соттың сотталушының өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін берілу құқығын түсіндіру міндеті ҚР ҚДЖК-де бекітіліп қылмыстық істер бойынша және сотталған тұлғаларды беру туралы шарттарды жасау кезінде басшылыққа алыну қажет деп есептеймін.

6. Өтініш жазуға құқығы бар құқық субъектілері Қазақстан Республикасының халықаралық тәжірибесінде бұл мәселе әртүрлі қарастырылады. Өтініш жасауға құқығы бар тұлғаларға:

а) Келісуші тараптар (Украинамен жасалған шарттың 6-бабы);

б) Сотталушы және оның жақын туыстары немесе заңды өкілі (1978 жылғы Конвенцияның 5-бабы, Түркіменстанмен жасалған шарттың 3-бабы және Әзірбайжан Республикасымен жасалған шарттың 6-бабы)

с) Сотталушы, оның жақын туыстары, заңды өкілдері және адвокат (1998 жылғы Конвенцияның 5-бабы) жатады.

ҚДЖК-де (540 б. 1 т.) өтініш беруге құқығы бар адамдардың тізімі берілген. Шет мемлекеттің соты бас бостандығынан айыруға соттаған Қазақстан Республикасының азаматы, оның заңды өкілі немесе жақын туған-туыстары, сондай-ақ шет мемлекеттің құзыретті органдары сотталушының келісімімен Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына сотталушының жазасын Қазақстан Республикасында өтеуі туралы өтініш жасай алады.

7. Бас бостандығынан айыру жазасына сотталған тұлғаны өзі азаматы болып табылатын мемлекетке жазасын өтеу үшін өтінішті қарау тәртібі.

Халықаралық шарттарға сәйкес жазасын өтеу үшін өзі азаматы болып табылатын мемлекетке беру туралы өтінішті үкімді шығарған мемлекетке де және сондай-ақ үкімді орындайтын мемлекетке де беруге болады. ҚР ҚДЖК-де бұл мәселе шешілмеген.

Өтінішті қараған мемлекеттің уәкілетті органы беру туралы өтініш жасайды. Уәкілетті орган болып не Бас прокуратура (РФ, ҚР, Түркіменстан) немесе Әділет Министрлігі (Украина, Әзірбайжан) табылады Әзірбайжан Республикасымен жасалған шартта бастапқыда өкілетті орган ретінде ҚР ішкі істер Министрлігі көрсетілген болатын.

1998 жылғы Конвенция (7-бабы) бойынша қатысушы-мемлекеттер Конвенция өзі үшін күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде өзінің уәкілетті органының атауы туралы депозитарийге хабарлауы тиіс. Халықаралық шарт нормаларында өтінішке қосымша тіркелетін әр түрлі қажетті құжаттардың тізімі бекітілген. Егер өтініш үкімді орындайтын мемлекетпен бағытталса оған қоса сотталған тұлғаның немесе оның жақын туыстарының өтініші қоса беріледі.

Халықаралық шарттарда қарастырылған ең аз деген мәліметтердің тізімі: сотталған тұлғаның азаматтығы туралы немесе оның тұрақты тұрғылықты жері туралы құжат; үкімнің куәлендірілген көшірмесі және іске қатысты соттың барлық шешімдері, үкімнің заңды күшіне енгендігі туралы құжаттар; сотталған тұлғаның жазаның өтелген және әрі қарай өтеуге тиіс жазаның бөлігі туралы құжат; егер болса тағайындалған қосымша жазаны орындауы туралы құжат; тұлғаны соттауға негіз болған қылмыстық заңның тиісті бабының мәтіні берілуі керек.

1978 жылы Конвенцияның 7-бабы бойынша сотталған тұлғаны беру туралы өтінішке сот үкім шығарған мемлекеттің органдары қажет деп тапса басқа да қосымша құжаттар және сондай-ақ өтініштің және оған қоса тіркелетін құжаттардың куәландырылған аудармасы сияқты құжаттары қоса жіберіледі.

Түркіменстан, Украина және Әзірбайжан мемлекеттерімен жасалған шарттардың тиісінше 5, 7, 8-баптарына сәйкес бас бостандығынан айыру жазасына сотталған тұлғаның жазасын өзі азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу үшін берілетін өтінішке қосымша сотталушының жеке басына қатысты мәліметтер (аты, фамилиясы, әкесінің аты, туған жері мен туған күні), үкімді орындайтын мемлекеттің аумағында жазасын әрі қарай өтеу үшін беруге оның немесе жақын туыстарының, сондай-ақ заңды өкілдерінің жазбаша өтініші, денсаулық жағдайы мен сотталған тұлғаның жүріс-тұрысы, келтірілген мүліктің шығынның бар-жоқтығы, оны өтеу тәртібі туралы мәліметтер қажет.

Сонымен қатар, үкімді шығарған мемлекет үкімді орындайтын мемлекеттің консул немесе басқа ресми өкілі арқылы сотталушының өтінішті өз еркімен жазғандығын тексеруін қамтамасыз ету қажет.

1998 жылға Конвенцияның 8-бабына сәйкес қосымша тіркелетін құжаттарға:

Сотталушының денсаулық жағдайы мен оның жүріс-тұрыс ерекшелігі туралы мәліметтер; оның келтірген зиянының мөлшері мен өтелгендігі туралы мәліметтер; үкімді шығарған мемлекет қажет деп тапқан басқа да мәліметтер ұсынылады.

Беру туралы өтінішті қараудың нақты мерзімі шарттармен біркелкі анықталмаған. 1978 жылғы Конвенцияның 8-бабына сәйкес уәкілетті органның сотталушыны қабылдайтыны немесе бас тартатыны туралы «қысқа мерзімде» хабарлау керектігі көрсетілсе, ал Әзірбайжан Республикасымен жасалған шартта қабылдау немесе бас тарту мерзімі 30 күн деп көрсетілген.

Түркіменстан және Украинамен жасалған шарттарда құжаттарды алған сәттен бастап 40 күннен аспайтын мерзімде беру көрсетілген 1998 жылғы Конвенцияда 40 күн мерзім көзделген.

Үкімді орындайтын мемлекет өз заңдарының негізінде сотталушының жағдайын нашарлатпай әрі қарай жазасын өтеуін қамтамасыз етеді. Үкім шығарылған мемлекеттің тағайындаған жазасы негізінде сотталушы жазасының қалған бөлігін өтейді. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның мерзімі үкімді шығарған мемлекеттің аумағында орындалған бөлігі өтелген болып есептеледі.

Үкімді орындайтын мемлекеттің соты шығарылған үкімнің негізінде тағайындалған жаза сияқты өз мемлекетінің заңы бойынша сондай мөлшерде бас бостандығынан айыру жазасын белгілеп оны орындау жөнінде шешім қабылдайды. Егер үкімді орындайтын мемлекеттің заңы бойынша жасалған қылмыс үшін тағайындалатын жазаның шекті мөлшері тағайындалған жазадан аз болса сот сол мемлекеттің заңымен белгіленген бас бостандығынан айыру жазасының ең жоғарғы шегін белгілейді.

Егер үкім екі немесе одан да көп әрекетке қатысты болып, үкімді орындайтын мемлекетте бәрі бірдей қылмыс деп танылмаса, сот қылмыс болып табылатын әрекетке жазаның қай бөлігі қолданылатындығын айқындайды. Қосымша тағайындалған жаза егер үкімді орындайтын мемлекеттің заңында сол қылмыстық әрекет үшін қосымша жаза көрсетілсе ғана сотпен оны орындау жөнінде шешім қабылданады (1998 жылғы Конвенцияның 12-бабы). Қосымша жаза да осы тәртіппен орындалады.

ҚДЖК-нің 540-бабында шет мемлекетінің сотының үкімін орындауға байланысты мәселелерді сотпен шешу тәртібі көзделген. Өтініш қанағаттандырылған жағдайда Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры шет мемлекетінің сотының үкімін орындау туралы облыстық немесе оған теңестірілген сотқа сотталушының Қазақстан Республикасынан кеткенге дейінгі тұрақты тұрғылықты жері бойынша ұсыныс енгізеді. Сотталушының тұрақты тұрғылықты жері болмаған кезде ұсыныс Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына енгізіледі.

Шет мемлекетінің шығарған үкімін орындау тәртібін анықтау жөніндегі мәселені қарау құқығын ҚР соттардың арасында бөлумен келісуге болмайды. Өкінішке орай, ҚР соттары беру мәселелерін реттейтін халықаралық шарттар туралы жақсы хабарланбаған және нақты жағдайларда ескеруге

қажетті шетел мемлекетінің қылмыстық құқығымен, қылмыстық іс жүргізу құқығымен іс жүзінде таныс емес. Сонымен қатар, сотталушының тұрақты мекен-жайын анықтау қиын. Шет мемлекетінің үкімін орындау тәртібін ҚР Жоғарғы Сотының қарауына берген дұрыс. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынысын судья сот отырысында сотталушыны қатыстырмай үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешуге байланысты осы қылмыстық кодекспен белгіленген тәртіп пен мерзімде қарайды. Судья сот қарауының нәтижесінде Бас Прокуратураның ұсынысын ҚР халықаралық шарты мен заңына сәйкес келмейді деп тапса ұсынысты қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Сот басқа жағдайлардың барлығында шет мемлекетінің үкімін орындау туралы ұйғарым шығарады. Шет мемлекетінің сотының үкімін орындау туралы судьяның қаулысында:

- 1) шет мемлекет сотының атауы, үкімнің шығарылған уақыты мен жері;
- 2) сотталушының Қазақстан Республикасындағы соңғы тұрғылықты жері, оның жұмыс орны және сотталғанға дейінгі айналысқан кәсібі туралы мәліметтер;
- 3) азамат жасағанына кінәлі деп таныған қылмыстың саралануы және оның қандай қылмыстық заңның негізінде сотталғандығы;
- 4) сотталушының жасаған қылмысы үшін жауаптылық көздейтін Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы;
- 5) жазаның (негізгі және қосымша) түрі мен мерзімі, сотталушы Қазақстан Республикасында өтеуі тиіс жазаның басталу және аяқталу мерзімі; қылмыстық түзеу мекемесінің түрі, қуыным бойынша залалды өтеудің тәртібі көрсетілуі тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының заңы бойынша осы қылмыс үшін бас бостандығынан айырудың шекті мерзімі шет мемлекет судьясы тағайындаған үкім бойынша тағайындалғаннан аз болса, судья осы қылмысты жасағаны үшін бас бостандығынан айырудың Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген ең жоғары мерзімін белгілейді. Егер бас бостандығынан айыру жаза ретінде көзделмеген болса, судья Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген шекте осы қылмыс үшін және шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалғанға мейлінше сәйкес келетін жазаны айқындайды. [7]

Егер үкім екі немесе бірнеше әрекетке қатысты болса, Қазақстан Республикасында бәрі бірдей қылмыс деп танылмаса, судья шетел мемлекеті сотының үкімі бойынша қылмыс болып табылатын әрекетке жазаның қай бөлігі қолданылатындығын айқындайды.

1978 жылғы сотталғандарды беру туралы Конвенцияның 13-бабына сәйкес сотталған тұлғаға қатысты соттаған мемлекетпен рахымшылық немесе кешірім жасалуы мүмкін. ҚР мен Өзірбайжан Республикалары арасында жасалған шарттың 14-бабына сәйкес рахымшылық не кешірім жасау үкімді орындайтын мемлекеттің еншісіне берілсе, ҚР мен Украина және Түркіменстан Республикалары арасындағы шарттардың тиісінше 13 және 12-баптарына сәйкес келісуші тараптардың екеуі де қолдана алады.

Сонымен ҚР ҚДЖК-сі ҚР халықаралық міндеттемелерін толық қамтымағандықтан оны жетілдіру қажеттігі туындап отыр.

#### 8. Сотталған тұлғаның иммунитеті.

Сотталушыны берген соң үкім шығарылған мемлекетте қылмыстық іс тоқтатылып қайтадан тергеу жүргізу немесе қайта сот талқылауы тағайындалғаннан басқа жағдайларда нақ сол әрекеті үшін қайтадан жауапкершілікке тартылмайды (1978 жылғы Конвенцияның 3 бабы). Бұл жағдайда жаңа істі қарау үшін қажетті шешімнің немесе басқа да құжаттардың көшірмесі осы мемлекеттің заңы бойынша жауапкершілікке тарту жөніндегі мәселені шешу үшін сотталушыны қабылдаған мемлекеттің құзіретті органына бағытталады.

ҚР ҚДЖК сотталушының жеке басына қол сұқпаушылық жөніндегі мәселе шешілмеген.

Қазіргі уақытта құқықтық көмек көрсетуді реттейтін халықаралық шарттардың нормалары мен ҚР ҚДЖК-нің нормаларын қазіргі заман талаптарына сәйкес кешенді, келісімді қолданылуын жетілдіру қажеттігі туындап отыр.

#### Халықаралық шарттар

1. Сотталған тұлғаларды беру туралы Конвенция (Страсбург, 21 наурыз 1983 ж.)
2. Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы (Вена, 23 мамыр 1969 ж.)
3. Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы БҰҰ Конвенциясы (Палермо, 13 желтоқсан 2000 ж.)
4. Азаматы болып табылатын мемлекетке жазасын өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды беру туралы Конвенция, 1978 ж.// СДД СССР. Вып. XXXV. М., 1981. С. 181–185.
5. Жемқорлыққа қарсы ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің бас прокуратураларының ынтымақтастығы туралы келісімі (Астана, 25 сәуір 2007 ж.);



6. Жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды беру туралы Конвенциясы (Мәскеу қ., 6 наурыз 1998 жыл);

7. Мәжбүрлі түрде емдеу үшін психикалық аурулардан зардап шегетін тұлғаларды беру туралы Конвенция (Мәскеу, 28 наурыз 1997 ж.)

8. Түркіменстан мен ҚР арасындағы жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды беру туралы Астана қаласында 5 шілде 2001 жылы жасалған шарты (2003 жылы 5 қарашадағы ҚР заңымен ратификацияланған)

9. Украина мен ҚР арасындағы жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды беру туралы шарты (Киев қаласы, 17 қыркүйек, 1999 жыл) (ҚР 28 сәуір 2000 жылғы заңымен ратификацияланған)

10. Жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларды беру туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Алматы қаласында 1997 жылы 10 маусымда жасалған шарт (ҚР 30 желтоқсан 1999 жылғы заңымен ратификацияланды, 2007 жылы 7 тамызда өзгерістер енгізілді)

Қазақстан Республикасының заңдары:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі, 1997 жылғы 16 шілде

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі, 13 желтоқсан 1997 ж.

4. Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару кодексі, 13 желтоқсан 1997 ж.

5. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы заң, 2005 жылғы 30 мамыр

6. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңы 1995 жыл 21 желтоқсан

Заң әдебиеттері:

1. Международное право: учеб. для вузов/под ред. Г.В. Игнатенко, О.И. Тиунова. - 4-е изд. - С. 559.

2. Сафаров Н.А. Экстрадиция в международном уголовном праве: проблемы теории и практики. - С. 9.

3. Галенская Л. Н. Международная война с преступностью. С. 130.

4. Лазутин Л.А. Правовая помощь по уголовным делам как комплексное формирование в международном уголовном и уголовно-процессуальном праве. - С. 220.

5. Марышева Н. И. Международная правовая помощь по гражданским и уголовным делам. - С. 79.

6. Лазутин Л. А. Правовая помощь по уголовным делам как комплексное формирование в международном уголовном и уголовно-процессуальном праве. С. 220.

7. Когамов М.Ч. Комментарий к Особенной части УПК РК.

\*\*\*

Protection of human rights and freedoms including convicted person is the main task of states and international community. This article is devoted to the problems of regulating the transfer of sentenced persons on the basis of international agreements and national legislation.

\*\*\*

Защита прав и свобод человека, в том числе осужденных лиц является основной задачей государства и международного сообщества. Это статья посвящена проблемам регулирования вопросов передачи осужденных лиц на основе международных соглашений и внутригосударственного права.